

2026. 13 (4)

Asian Journal

"STEPPE PANORAMA"



ISSN 3135-8055

ISSN 3135-8055 (online)

Құрылтайшысы және баспагері: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2025 ж. 5 сәуірде тіркелген. Тіркеу нөмірі № KZ91VPY00116246. Жылына 6 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих, этнология.

Жарияланым тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

© Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты 2026

© Авторлар ұжымы, 2026

БАС РЕДАКТОР

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ

Женгиз Алимаз — филология ғылымдарының докторы, профессор, түрколог-ғалым, Бурса Улудаг Университетінің профессоры (Бурса қ., Түркия Республикасы)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҒЖБМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары (Қазақстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Қазақстан)

Әлімбай Нұрсан — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Вернер Кунтһиа (Werner Cynthia) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

Голден Кэти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)

Жаркен Айгүл Мәлікқызы - тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры (Қазақстан)

Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі (Қазақстан)

Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі. (Қазақстан)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Қазақстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

Муминов Ашірбек Құрбанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

Сәбитов Жақсылық Мұратұлы — PhD, Жошы Ұлысын зерделеу ғылыми институтының директоры (Қазақстан)

Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР ҒЖБМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Болон ғылым академиясының корр. -мүшесі, Ш. Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Томохико Уяма — PhD, Хоккайдо университетінің Славян және Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония)

Ян У. Кэмпбелл (Ian W. Campbell) — PhD, Калифорния университетінің профессоры (АҚШ)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

Қапаева Айжан Тоқанқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Черниенко Ирина Борисовна – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, аға ғылыми қызметкер Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының (Қазақстан)

РЕДАКТОР

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы — Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Ағзам Райымбек Рзабекұлы – Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері, магистр (Қазақстан)

Бурханов Бимурад Бадритдинұлы — магистр, Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 3135-8055 (online)

Учредитель и издатель: РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им. Ч. Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о регистрации:

№ KZ91VPY00116246 от 03. 04. 2025 г. Публикуется 6 раз в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки: история, этнология.

Языки публикации: казахский, русский, английский.

Адрес редакции и издательства:

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч. Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Сайт журнала: <https://ajspiie.com>

© Институт истории и этнологии имени Ч. Ч. Валиханова, 2026

© Коллектив авторов, 2026

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Кабульдинов Зиябек Ермуханович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч. Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

ЗАМЕСТИТЕЛЬ ГЛАВНОГО РЕДАКТОРА

Женгиз Алилмаз — доктор филологических наук, профессор, тюрколог-учёный, профессор Бурса Улудаг Университет (г. Бурса, Турецкая Республика)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Абиль Еркин Аманжолович — доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

Алимбаев Нурсан — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч. Ч. Валиханова. (Казахстан)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — доктор исторических наук, профессор, заведующий Центром этнологии и антропологии Института истории Академии наук Республики Узбекистан. (Узбекистан)

Вернер Синтия (Werner, Cynthia) — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)

Дайнер Александр (Diener Alexander) – доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет (США)

Жаркен Айгуль Маликовна – доктор исторических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л. Н. Гумилёва. (Казахстан)

Исмагулов Оразак Исмагулович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч. Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л. Н. Гумилева. (Казахстан)

Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Казахстан)

Кожамжарова Дарья Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК (Казахстан)

Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна — доктор исторических наук, профессор Казахского национального университета имени Аль Фараби. (Казахстан)

Кумекоев Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства имени М. Ауэзова (Казахстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

Муминов Аширбек Курбанович — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

Сабитов Жаксылык Муратович - PhD, директор научного института изучения Улуса Джучи (Казахстан)

Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Таймагамбетов Жакен Кожаметович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

Томохико Уяма — PhD, профессор Центра славяно-евразийских исследований Хоккайдского университета (Япония)

Ян Кэмпбелл (Ian W. Campbell) — PhD, профессор Калифорнийского университета (США)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч. Ч. Валиханова. (Казахстан)

НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

Капаева Айжан Токановна — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч. Ч. Валиханова. (Казахстан).

Черниенко Ирина Борисовна – кандидат исторических наук, доцент, старший научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Казахстан)

РЕДАКТОР

Кубеев Рустем Джаулыбайулы — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч. Ч. Валиханова. (Казахстан).

ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

Агзам Райымбек Рзабекулы – магистр, сотрудник Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова (Казахстан)

Бурханов Бимурад Бадритдинович — магистр, научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч. Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 3135-8055 (online)

Founder and publisher: RSE on REM"Ch. Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology" of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. KZ91VPY00116246 dated 03. 04. 2025. The journal is published 6 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history, ethnology.

Publication languages: Kazakh, Russian, English.

Editorial and publisher address:

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch. Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Journal website: <https://ajspiie.com>

© Ch. Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, 2026

© Group of authors, 2026

EDITOR-IN-CHIEF

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, General Director of Ch. Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

DEPUTY EDITOR-IN-CHIEF

Cengiz Alyılmaz — Doctor of Philological Sciences, Professor, Turkologist scholar, Professor at Bursa Uludağ University (Bursa, Republic of Türkiye).

EDITORIAL BOARD

Abil Yerkin Amanzholovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Member of the Mazhilis of the Parliament of the RK. (Kazakhstan)

Alimbay Nursan — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch. Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State SC MSHE RK (Kazakhstan)

Diener Alexander — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

Ian W. Campbell — PhD, Professor at the University of California (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch. Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L. N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna — doctor of historical sciences, professor, academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva — Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Al-Farabi Kazakh National University. (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich — Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

Muminov Ashirbek Kurbanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

Rimantas Želvys — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

Sabitov Zhaxylyk Muratovich — PhD, Director of Research Institute for Jochi Ulus Studies (Kazakhstan)

Samashev Zainolla Samashevich — archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology SC MSHE RK (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

Tomohiko Uyama — PhD, Professor at the Slavic-Eurasian Research Center, Hokkaido University. (Sapporo, Japan)

Werner, Cynthia — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

Zharken Aigul — Doctor of Historical Sciences, Professor at L. N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

EXECUTIVE EDITOR

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch. Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

ACADEMIC EDITOR

Kapaeva Aizhan Tokanovna — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch. Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Chernienko Irina Borisovna — Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Senior Researcher at the Ch. Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan)

EDITOR

Kubeyev Rustem Dzhaulybayuly — researcher at Ch. Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

TECHNICAL SECRETARY

Agzam Raiymbek Rzabekuly – Master's degree, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

Burkhanov Bimurad Badritdinovich — Master's, researcher at Ch. Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Published in the Republic of Kazakhstan
Asian Journal "Steppe Panorama"
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 3135-8055.
Vol. 13. Is. 4, pp. 1027-1041, 2026
Journal homepage: <https://ajspiie.com>

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/3135-8055_2026_13_4_1027-1041

KAZAKH SOVIET MANAGERIAL ELITE DURING COLLECTIVIZATION IN KAZAKHSTAN

*Nursulu K. Dyussenova*¹

Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology
(28 Shevchenko Str., Almaty, 050010, Republic of Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences

 <https://orcid.org/0000-0003-3259-1549>. E-mail: nur_sulu18@mail.ru

© Ch.Ch. Valichanov IHE, 2026
© Dyussenova N.K., 2026

Abstract. *Introduction.* The USSR's policy in Kazakhstan, including the collectivization of Kazakh villages, is a pressing topic in Russian historical scholarship. It is clear that Soviet policy during this period influenced the fate of the Kazakh ruling elite – many Kazakh intellectuals suffered from this policy in later years. In relation to Soviet policy, the position and actions of the Kazakh Soviet ruling elite during collectivization are an important issue. *Goals and objectives.* To examine the measures taken by the Kazakh Soviet ruling elite to mitigate the consequences of collectivization policy in Kazakhstan in the late 1920s and early 1930s. To achieve this goal, the following tasks must be completed: to determine the extent of research on this issue in the works of historians; identify the main features of the policy of the USSR government in the field of agriculture from the reports and speeches of representatives of the Kazakh Soviet authorities; to study the content of regulatory and legal acts of the Soviet authorities concerning the issue of collectivization. *Results.* In the course of studying this issue, the author came to the conclusion that during the period of collectivization, some representatives of the Kazakh Soviet ruling elite, within the limits of their official powers, took appropriate measures aimed at easing the situation of the Kazakhs. *Conclusion.* Representatives of the Kazakh Soviet elite attempted to protect the people by using the legal instruments at their disposal in their reports and statements.

Keywords: mass collectivization, famine, Soviet party elite, political repression, Kazakh intellectuals, letters to All-Union bodies, confiscation, ruling elite

Acknowledgments. The article was prepared within the framework of the grant financing project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan "Preparation and publication of a series of memoirs of eyewitnesses of the mass famine of 1931–1933 in Kazakhstan and their descendants" (Registration number AP19678056).

For citation: Dyussenova N.K. Kazakh soviet managerial elite during collectivization in Kazakhstan // Asian Journal "Steppe Panorama". 2026. Vol. 13. No. 4. Pp. 1027–1041. (In Kaz.). DOI: 10.51943/3135-8055_2026_13_4_1027-1041

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚТЫҢ КЕҢЕСТІК БАСҚАРУШЫ ЭЛИТАСЫ

Нурсулу Кенебаевна Дюсенова

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
(28-үй, Шевченко көш., 050010, Алматы, Қазақстан Республикасы)

тарих ғылымдарының кандидаты

 <https://orcid.org/0000-0003-3259-1549>. E-mail: nur_sulu18@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЭИ, 2026

© Дюсенова Н.К., 2026

Аңдатпа. *Kipicne.* КСРО-ның Қазақстандағы саясаты, соның ішінде қазақ ауылдарын ұжымдастыру мәселесі – отандық тарих ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі. Себебі бұл кезеңдегі кеңестік саясат қазақтың басқарушы элитасының тағдырына айтарлықтай әсер етті. Көптеген қазақ зиялылары кейінгі жылдары осы саясаттың зардабын шекті.

Бұл ретте кеңестік саясатқа байланысты маңызды мәселе – ұжымдастыру кезіндегі қазақтың кеңестік басқарушы элитасының ұстанымдары мен іс-әрекеттері. Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Мақаланың мақсаты – XX ғ. 20-жылдарының соңы – 30-жылдарының басында Қазақстанда ұжымдастыру саясаты жүзеге асырылған кездегі қазақтың кеңестік басқарушы элитасының осы саясаттың зардаптарын жұмсартуға бағытталған іс-шараларын зерттеу. *Қойылған мақсатқа* жету үшін төмендегідей міндеттерді шешу керек, яғни тарихшылардың еңбектеріндегі осы мәселенің зерттелу дәрежесін анықтау; қазақтың кеңестік билік өкілдерінің есептері мен баяндамалары негізінде КСРО үкіметінің ауыл шаруашылығы саласындағы саясатының негізгі ерекшеліктерін анықтау; кеңестік билік органдарының ұжымдастыру мәселесіне байланысты нормативтік құқықтық актілерінің мазмұнын зерттеу. *Нәтижелер.* Бұл мәселені зерттеу барысында автор ұжымдастыру кезінде қазақтың кеңестік басқарушы элитасының кейбір өкілдері өздерінің қызметтік өкілеттіктері шегінде қазақтардың жағдайын жеңілдетуге бағытталған тиісті шаралар қабылдады деген байламға келді. *Қорытындылар.* Қазақтың кеңестік элитасының өкілдері өздерінің есептері мен баяндамаларында қолжетімді заңдық құралдарды қолдана отырып, халықты қорғауға тырысты.

Түйін сөздер: жаппай ұжымдастыру, ашаршылық, кеңестік партиялық элита, саяси қуғын-сүргін, қазақ зиялылары, бүкілодақтық органдарға хаттар, кәмпескелеу, басқарушы элита

Алғыс. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Қазақстандағы 1931–1933 жылдардағы жаппай ашаршылықтың куәгерлері мен олардың ұрпақтарының естеліктерін дайындау және шығару» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: АР 19678056)

Дәйексөз үшін: Дюсенова Н.К. Қазақстандағы ұжымдастыру кезіндегі қазақтың кеңестік басқарушы элитасы // Asian Journal "Steppe Panorama". 2026. Т. 13. № 4. 1027–1041 бб. (Қаз.). DOI: 10.51943/3135-8055_2026_13_4_1027-1041

КАЗАХСКАЯ СОВЕТСКАЯ УПРАВЛЕНЧЕСКАЯ ЭЛИТА В ПЕРИОД КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ В КАЗАХСТАНЕ

Дюсенова Нурсулу Кенебаевна

Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова
(28, ул. Шевченко, Алматы, 050010, Республика Казахстан)

кандидат исторических наук

 <https://orcid.org/0000-0003-3259-1549>. E-mail: nur_sulu18@mail.ru

Аннотация. *Введение.* Политика СССР в Казахстане, включая вопрос коллективизации казахского аула, является одной из актуальных тем отечественной исторической науки. Очевидно, что советская политика в этот период оказала значительное влияние на судьбу казахской правящей элиты, а в последующие годы значительная часть казахской интеллигенции пострадала от её последствий. В связи с советской политикой важным вопросом в этой связи является позиция и действия казахской советской правящей элиты в период коллективизации. *Цель и задачи исследования.* Цель статьи – изучение мер, принятых казахской советской правящей элитой для смягчения последствий политики коллективизации в Казахстане в конце 20-х – начале 30-х гг. XX в. Для достижения цели необходимо решить следующие задачи: определить степень исследования данного вопроса в работах историков; выявить особенности политики правительства СССР в области сельского хозяйства на основе докладов и выступлений представителей казахской советской правящей элиты; изучить содержание нормативно-правовых актов советских властей, касающихся вопроса коллективизации. *Результаты.* В ходе изучения данного вопроса автор пришел к выводу, что в период коллективизации некоторые представители казахской советской правящей элиты в пределах своих официальных полномочий предпринимали соответствующие меры, направленные на смягчение положения казахов. *Заключение.* Представители казахской советской элиты пытались защитить народ, используя в своих отчетах и заявлениях имеющиеся в их распоряжении правовые инструменты.

Ключевые слова: сплошная коллективизация, голод, советская партийная элита, политические репрессии, казахская интеллигенция, письма во всесоюзные органы, конфискация, правящая элита

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Подготовка и издание серии воспоминаний очевидцев массового голода 1931–1933 годов в Казахстане и их потомков» (регистрационный номер: AP 19678056).

Для цитирования: Дюсенова Н.К. Казахская советская управленческая элита в период коллективизации в Казахстане // Asian Journal "Steppe Panorama". 2026. Т. 13. № 4. С. 1027–1041. (На каз.). DOI: 10.51943/3135-8055_2026_13_4_1027-1041

Кіріспе

КСРО-ның Қазақстандағы саясаты, соның ішінде XX ғасырдың 20-жылдарының соңы – 30-жылдарының басындағы қазақ ауылдарына қатысты жүргізілген іс-шаралар, сондай-ақ кеңестік билік жүйесіндегі қазақ өкілдерінің ұстанымдары қазақстандық тарих ғылымының өзекті мәселелерінің бірі болады. Бұл кезең Қазақстан тарихындағы аса күрделі әрі қайшылықты үдерістермен сипатталады. Әсіресе ұжымдастыру саясатының қазақ қоғамына тигізген әлеуметтік, экономикалық және демографиялық зардаптарын зерттеу кеңестік биліктің Қазақстандағы саясатының сипатын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Зерттеу тақырыбының ғылыми маңыздылығы, ең алдымен, ұжымдастыру кезеңінде Қазақстандағы кеңестік билікке қарсы тұру және оған бейімделу тетіктерін, сондай-ақ қазақ қоғамының саяси үдерістерге қатысу ерекшеліктерін анықтаумен байланысты. Сонымен қатар бұл мәселені зерделеу халықтың тағдыры шешілген тарихи кезеңдегі қазақ ұлттық элитасының орны мен рөлін айқындауға мүмкіндік береді. Қазақ кеңестік элитасы өкілдерінің ұстанымдары мен іс-әрекеттерін талдау олардың кеңестік саясатты жүзеге асырудағы немесе оған қарсылық білдірудегі рөлін жан-жақты бағалауға жол ашады.

Зерттеу тақырыбының әлеуметтік маңыздылығы да жоғары. Қазақ ұлттық элитасы өкілдерінің қызметін зерттеу сол кезеңдегі халық мүддесін қорғауға ұмтылған, кеңестік саясаттың зардаптарына қарсы тұрған тұлғалардың тарихи орнын айқындауға мүмкіндік береді. Олардың қызметін ғылыми тұрғыдан зерттеу тарихи жадыны қалыптастыруға және ұлттық тарихқа деген қызығушылықты арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар бұл бағыттағы

зерттеулер өскелең ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыруға, ел тарихын құрметтеуге және отансүйгіштік құндылықтарды дәріптеуге негіз болады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі қазіргі тарих ғылымында ұжымдастыру мәселесінің біршама зерттелгеніне қарамастан, қазақ басқарушы элитасының осы үдерістегі орны мен рөлі толық әрі жан-жақты ашылмаған. Қазақстандағы ұжымдастыру саясаты, оның барысы мен әлеуметтік-демографиялық салдары отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылғанымен, қазақ элитасы өкілдерінің ұстанымдары, олардың қабылдаған шешімдері, әрекеттері және кеңестік орталық саясатпен қарым-қатынасы арнайы зерттеуді қажет етеді.

Осыған байланысты зерттеу жұмысы ұжымдастыру кезеңіндегі қазақ басқарушы элитасының ұстанымдары мен қызметін кешенді түрде қарастыруға, олардың тарихи үдерістердегі орны мен рөлін айқындауға және осы мәселенің зерттелмеген қырларын ғылыми тұрғыдан ашуға бағытталады.

Материалдар мен әдістер

Мақаланы жазу барысында пайдаланылған материалдарды екі топқа бөлуге болады. Бірінші топқа КСРО-дағы ұжымдастыру саясатының әртүрлі аспектілеріне арналған мұрағаттық материалдар жатады. С. О. Смағұлова, Ж. Б. Абылхожин, М. К. Қозыбаев, М. Б. Тәтімов, С. Акқұлы және т.б. Қазақстан тарихшылары, соның ішінде бұл тақырып жөнінде материалдарды жинақтау және жүйелеу жұмыстарын жүргізді. Мысалы, 2021 жылы жарық көрген үш томдық «Ашаршылық. Голод. Документальная хроника. Сборник документов. 1928–1934» атты басылымда мақалада қарастырылып отырған мәселеге байланысты билік органдарының ресми шешімдері мен қаулылары және т.б. құжаттар ғылыми айналымға енгізілді. Келтірілген материалдарға кеңестік билік органдары өкілдерінің есептері мен баяндамалары, қазақ ауылдарын ұжымдастыруға қатысты ресми актілер және т.б. құжаттар жатады. Осы мақала тақырыбының аясында құжаттардың ішінде партиялық және кеңестік органдар қабылдаған ресми нормативтік-құқықтық актілер маңызды. Өйткені сол актілерден билік саясатының жоспарларын көруге болады. Екінші топқа қазақ кеңестік элитасы өкілдерінің ұжымдастыру кезеңіндегі кеңестік биліктің қазақ халқына қатысты әртүрлі «қателіктерінің» («перегибы») зардаптарын жұмсартуға, қарапайым халықтың ауыр жағдайы жөніндегі ақпарат жатады. Бұлардың ішінде қазақ зиялыларының жоғары билік органдарына жеткізуге бағытталған іс-әрекеттерін көрсететін мәліметтері ерекше маңызға ие.

Материалдар жинау және оларға ғылыми интерпретация жасау барысында мынадай әдістер қолданылды. Біріншіден, әңгіме институционалдық талдау әдісі жөнінде болады. Бұл әдіс әртүрлі мемлекеттік институттардың (халық комиссариаттары және т.б.) белгілі бір саладағы, атап айтқанда қазақ ауылдарына қатысты іс-шараларын (бұйрықтар, өкімдер, шешімдер және т.б.) зерттеуді көздейді. Бұл әдіс арқылы кеңестік саясаттың ерекшеліктерін, мақсаттарын, негізгі бағыттарын және т.б. көруге болады. Екіншіден, мемлекеттің саясатын зерттеуде жүйелік талдау әдісі ерекше маңызға ие. Осы әдіс мемлекеттік саясатты өзара байланысты элементтердің (соның ішінде ресурстар, реттеу, өндіріс және т.б.) кешені ретінде қарастырады. Үшіншіден, зерттеу барысында қолданылған ивент-талдау әдісі нақты оқиғаларды (мысалы, қазақтардың басқа елге көшуі және т.б.) талдауға бағытталған. Бұл әдіс тарихи оқиғаларға қатысушылар іс-әрекеттерінің қисынын түсінуге мүмкіндік береді.

Талқылау

КСРО-дағы ұжымдастыру саясатына байланысты мәселелер қазақ (Акқұлы, 2014; Смағұлова, 2023; Алексеенко, 2026; История Казахстана..., 2001: 295–299; және т.б.), ресейлік (Анисимов, 2020; Вдовин, Барсенков, 2010; История России..., 2024; Корнилов, 2023; Якеменко, 2024; және т.б.), түрік (Дюсенова, 2026 және т.б.) зерттеушілерінің, Батыс елдері (АҚШ, Италия, Франция және т.б.) (Боффа, 1994; Верт, 1992; Киндлер, 2017; Olcott, 1981; Piansciola, 2004; және т.б.) тарихшыларының, сондай-ақ кеңестік ғалымдардың (Абылхожин, Козыбаев, Татимов, 1989; История Казахской ССР..., 1949; және т.б.) еңбектерінде көрініс таппады. Мысалы, 1949 жылы жарық көрген «Қазақ ССР-інің ежелгі дәуірден бүгінге дейінгі

тарихы» (История Казахской ССР..., 1949) атты басылымды айтуға болады. Бұл Коммунистік партияның ресми идеологиялық ұстанымдары аясында жазылған еңбектің бір бөлігі (История Казахской ССР..., 1949: 180–240) ұжымдастыру мәселесіне арналады. Авторлардың айтуы бойынша, 1934 жылдың соңына қарай қазақ ауылдарының басым көпшілігі (85,9%) ұжымдастырылды (История Казахской ССР..., 1949: 239). Алайда басылымда аталғандай, ұжымдастыру саясатына қарсы шыққан «қазақ буржуазиялық ұлтшылдары», «троцкистік-бухариншілдік азғындар», «байлар, кулактар және т.б. антикеңестік элементтер» болды (История Казахской ССР..., 1949: 209, 233, 234, 237). Осыған байланысты қазақ халқының ашаршылық құрбаны болғандығы туралы айтылмаған. Тарихшылардың пікірінше, «халық жаулары өздерінің революцияға қарсы жұмысында Қазақстанның партиялық және кеңестік қызметкерлері 1931–1932 жылдарда жіберген өрескел қателіктер мен партия бағытын бұзу фактілерін пайдаланды» (История Казахской ССР..., 1949: 234). Жалпы алғанда, қазақ басқарушы элитасының халықтың жағдайын жеңілдетуге бағытталған іс-әрекеттері жеткілікті деңгейде талданбаған.

XX ғ. 80-жылдарының ортасында КСРО-да «қайта құру» («перестройка») саясатының басталуына байланысты Қазақстан тарих ғылымында Кеңес Одағы кезінде біршама мәселелерге, соның ішінде ұжымдастыруға да қатысты қалыптасқан көзқарас өзгере бастады. Мәселен, 1989 жылы қазақ зерттеушілері Ж. Б. Абылхожин, М. К. Қозыбаев және М. Б. Тәтимов өздерінің «Қазақстандық трагедия» (Абылхожин, Қозыбаев, Тәтимов, 1989) деп аталатын еңбегінде кеңестік биліктің қазақ ауылдарына байланысты жаппай ұжымдастыру саясатын талдай отырып, қазақ халқының демографиялық шығындарына тоқталады. Авторлардың пайымдауынша, ашаршылықтан қырылған қазақтардың саны 1750 мыңға, яғни этностың 42%-ына жетті (Абылхожин, Қозыбаев, Тәтимов, 1989: 67).

Қазақстан тәуелсіздігін жариялағаннан кейін «Ежелгі дәуірден бүгінге дейінгі Қазақстан тарихы» (История Казахстана, 2009) атты бес томдық академиялық басылым шықты. Бұл басылымда ұжымдастыру мәселесі де көрініс тапқан (История Казахстана, 2009: 241–326). Осы еңбекте тарихшылар кеңестік билік өкілдерінің іс-әрекеттеріне, ұжымдастырудың барысына және т.б. мәселелерге көңіл аударады. Сонымен бірге кейбір қазақ кеңестік қайраткерлерінің (мысалы, Т. Рысқұловтың) қарапайым халықтың жағдайын жеңілдетуге бағытталған іс-әрекеттері баяндалады (История Казахстана, 2009: 288–290).

Ұжымдастыру мәселесі ресей тарихшылары А. С. Барсенков пен А. И. Вдовиннің «Ресей тарихы. 1917–2009» атты еңбегінде де қарастырылады. Бұл кітапта КСРО деңгейінде қабылданған ұйымдастырушылық шараларға сипаттама беріледі. Мысалы, авторлардың пікірінше, ауыл шаруашылығы саласында жаңа саясат жүргізу мақсатында 1929 ж. қараша айында КСРО Егін шаруашылығы халық комиссарлығы (Наркомзем СССР) құрылды. Содан кейін 1930 ж. қаңтардағы Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктер) партиясы Орталық комитетінің «Ұжымдастыру қарқыны және мемлекеттің колхоздық құрылысқа жәрдемі туралы» («О темпах коллективизации и мерах помощи государства колхозному строительству») қаулысы бойынша, бүкіл КСРО үш ауданға бөлінді. Біріншіден, дөңді дақылдар өсіретін өңірлер (Төменгі және Орта Еділ маңы аймағы, Солтүстік Кавказ). Ұжымдастыру ең алдымен осы өңірлерде өтуге тиіс, яғни 1930 ж. күзде немесе 1931 ж. көктемде. Содан кейін ұжымдастыру үрдісі Қазақстанда, сондай-ақ Украина, РСФСР-дің Сібір, Урал және Орталық Қаратопырақты аймақтарында жалғасуға тиіс болды. Қалған өңірлерде ұжымдастыру 1933 жылға жоспарланды (Вдовин, Барсенков, 2010: 224). Жалпы алғанда, бұл еңбекте авторлар негізінен кеңестік биліктің бүкілодақтық және бүкілресейлік деңгейде қабылдаған ұйымдастырушылық іс-шараларға көңіл бөледі. Қазақстан сияқты ұлттық өңірлер эпизод ретінде ғана көрсетіледі. Атап айтқанда, Қазақстанды сөз еткенде, А. С. Барсенков пен А. И. Вдовин төмендегідей сөздермен ғана шектелді: «Қазақстан көп зардап шекті; 1931–1933 жылдар аралығында тұрғындардың ашаршылықтан қырылғандығынан және оралмай көшіп кеткендігінен оның халық саны 1,8 млн-ға жуық адамға азайды» (Вдовин, Барсенков, 2010: 224). Бірақ бұл еңбекте қазақ зиялыларының ұжымдастыру кезеңіндегі халықтың ауыр жағдайын жеңілдетуге бағытталған шаралар қаралмады.

КСРО-ның аграрлық саясаты ресей зерттеушісі Е. Анисимовтың «Ресей тарихы. Рюриктен Путинге дейін. Адамдар, оқиғалар, даталар» (Анисимов, 2020) атты еңбегінде талданды. Ұжымдастыру саясатын қарастырғанда, автор соған төмендегідей баға береді: «Ұжымдастыру халық пен елдің үлкен жеңілісіне айналды. Миллиондаған адам қаза тапты, миллиондаған адам тоналып, ойсырай кедейленіп қалды...» (Анисимов, 2020: 425). Осы орайда келесі мәселеге назар аударуымыз керек. Атап айтқанда, Е. Анисимовтың бұл кітабында Қазақстандағы ұжымдастыру проблемасы қарастырылмаса да, кеңестік үкіметтің саясатының нәтижесінде 1933 жылы ашаршылыққа ұшыраған Украинаға арнайы тарауша арналады. Осы еңбек ресей зерттеушілерінің бұрынғы одақтас кеңестік республикаларға, соның ішінде Қазақстанға да, қатысты жалпы ұстанымдары мен көзқарастарын түсіну үшін маңызды. Мысалы, Украинада ашаршылықтан 7 млн адам қырылғандығын атап өтіп, автор төмендегідей мәселелерге көңіл бөледі. Біріншіден, Е. Анисимовтың пікірінше, «Орталықтың (КСРО үкіметінің. – Н. Д.) бұл қатыгездік саясаты» басқа халықтарға, соның ішінде «ерекше украин халқына қарсы бағытталмаған, өйткені [осындай саясат] бүкіл елде жүргізілген» (Анисимов, 2020: 425). Екіншіден, автордың айтуы бойынша, КСРО-ның ұжымдастыру саясатында көбінесе республикалық билік өкілдері жазықты. Мысалы, «С. В. Косиор мен П. П. Постышев бастаған Украина басшылығы трагедия болғаны үшін ерекше айыпты; олар Сталиннің көңілін табуға тырысып, басқа жергілікті басшыларға қарағанда ерекше құлшыныс танытты» (Анисимов, 2020: 427). Бұл ретте аталған еңбекте автор ұжымдастыру зардаптарына байланысты жауапкершілікті республикалардың басқарушы өкілдеріне жүктеуге тырысқан.

Жалпы алғанда, ресейлік зерттеушілердің Ресей мен КСРО тарихына арналған еңбектерінде ұжымдастыру мәселесіне жеткілікті деңгейде мән берілмейтіні байқалады. Мысалы, 2024 жылы жарық көрген «Ресей тарихы. Ежелгі дәуірден бүгінге дейін» (История России., 2024) деп аталатын кітапта бұл мәселеге 1700-ден астам беттің үшеуі ғана (История России., 2024: 1440–1442) арналған. Соның ішінде авторлар КСРО халықтарының ұжымдастырудың теориясы мен практикасына қарсы тұру фактілеріне назар аударады: «Билік жасаған зорлық-зомбылық ұжымдық шаруашылықтарға қосылғылары келмейтін және осындай саясатқа жаңадан орнап жатқан басыбайлылық құқық деп қарайтын крестьяндардың наразылығын тудырды. Жергілікті және орталық билік органдарына шағым арыз жолдаумен бірге наразылық ашық қарсы тұруға, соның ішінде көтеріліске де дейін ұласты» (История России., 2024: 1442). Тағы бір ресей тарихшысы Б. Г. Якеменконың 900-ден астам беттен тұратын «Ресей тарихы. Ежелгі дәуірден бүгінге дейін» (Якеменко, 2024) атты еңбегінде ұжымдастыру мәселесі бар-жоғы төрт бетте ғана (Якеменко, 2024: 636–640) сипатталады. КСРО-ның ұжымдастыру саясатын талдай отырып, автор бұл елдің республикалары мен өңірлерінде көтерілістер болғандығына назар аударады. Мысалы, оның айтуынша, кеңестік ресми деректерге қарағанда, ұжымдастыруға қарсы бағытталған 45 көтеріліске 17,4 мың адам қатысты: «Ұжымдық шаруашылықтарға қарсы Украина, Сібір, Орта Азия, Кавказ, Кубан, Дон крестьяндары көтерілістерге қатысқандары белгілі. Кейбір өңірлерде қызыләскерлер крестьяндарды атудан бас тартқандары үшін бірден өздері атылған. Тағы да басқа өңірлерде шағын әскери қосындар көтерілісшілерді қолдап, оларға қосылған» (Якеменко, 2024: 639).

XX ғасырдың 90-жылдарының басында Кеңес Одағының тарихына арналған батыстық тарихшылардың іргелі еңбектері жарық көрді. Сонымен қатар, бұл еңбектерде КСРО-дағы ұжымдастыру саясатына қатысты жекелеген аспектілердің де нақты көрініс тапқанын атап өткен жөн. Мысалы, белгілі француз тарихшысы Николя Верттің орыс тіліне аударылған «Кеңестік мемлекеттің тарихы. 1900–1991» (Верт, 1992) еңбегінде ресми кеңестік биліктің бүкілодақтық деңгейде қабылданған іс-шараларына көңіл бөлінеді. Алайда Қазақстандағы ұжымдастыру үрдісінің барысы мен демографиялық салдары, сондай-ақ қазақтың басқарушы элитасы туралы ештеңе айтылмайды. Автор кейбір жерлерде Украинадағы жағдайды атап өтумен ғана шектеледі. Мысалы, оның пайымдауынша, Украинада 4–5 млн адам ашаршылықтан қырылды. Осы ретте Николя Верт ерекше назар аударғандай, кеңестік билік халықаралық жұртшылықтан КСРО-дағы ашаршылықты барынша жасыруға тырысты (Верт, 1992: 134).

КСРО-ның Қазақстандағы ұжымдастыру саясатының кейбір аспектілері көрнекті итальяндық ғалым Джузеппе Боффаның екі томда орыс тіліне аударылған «Кеңес Одағының тарихы» атты іргелі еңбегінің 1-томында қысқаша қарастырылады. Жалпы алғанда, зерттеушінің еңбегінде ұжымдастыру мәселесіне бір тарау бөлінген, бірақ сол тарау көбінесе бүкілодақтық деңгейде үкіметтегі идеялық күреске, сондай-ақ Ресейдегі ұжымдастыру үрдісіне арналған. Қазақстан немесе Украина сияқты ұлттық аймақтарға итальян тарихшысының еңбегінде мән берілмеген. Мысалы, Қазақстандағы ұжымдастыру мәселесі бірнеше сөйлемнен ғана тұрады: «Осында ұжымдастыру мәселесімен ниеттері таза, алайда сырттан келген қазақ тілін де, қазақ ауылын да білмейтін қызметкерлер айналысқандықтан, ұжымдастыру жағдайы шиеленісіп кетті. Соған қоса олар орыс болған соң, бүкіл іс-шара ұлтаралық соқтығысқа ұқсап қалғандай болды. Қалай болса да, осында да 1929 жылғы жоспар бойынша, ұжымдастыру үрдісі, коммуналардың, алып колхоздардың құрылуы бір жылдың ішінде аяқталуға тиіс болды. 1931 жылғы тамыз айында малшылықпен айналысатын аймақтарда «ұжымдастыруды тездету керек» деген тағы бір шешім қабылданды. Сол кезде соқтығыстар тіпті шиеленісе бастады. «Буденный басшылығымен атты әскерлер басқан» қалыптыдай көтеріліс туралы алып-қашпа әңгімелер тарады. Нақтырақ мәліметтерге қарағанда, отырықшы өмір салтына өтуге жоспарланған 566 мың көшпелі отбасылардың, ақыры кемінде 183 мыңы мал айдап Қытайға қашты. Бір-екі жылдың ішінде мал саны 19,2 млн-нан 2,6 млн-ға дейін азайды. Бұл нағыз жұт болды» (Боффа, 1994: 364). Алайда қазақ басқарушы элитасының кеңестік саясаттағы орны мен рөлі бұл еңбектерде тиісті деңгейде көрініс таппаған. Осы тақырыптың тарихнамалық аспектілеріне мақала авторының бұған дейін де назар аударғанын атап өткен жөн (Дюсенова, 2026). Аталған мақалада автор түрік зерттеушілерінің Қазақстандағы ұжымдастыру мәселесіне арналған еңбектеріне талдау жасаған. Дегенмен, жоғарыда аталған зерттеуде көрсетілгендей, түрік ғалымдары көбіне ұжымдастырудың қазақ халқына тигізген демографиялық зардаптарына назар аударады. Өкінішке қарай, ұжымдастыру кезеңіндегі қазақ басқарушы элитасының мәселесі түрік тарихшыларының еңбектерінде тиісті деңгейде қарастырылмаған.

Қорыта айтқанда, батыстық тарихшылардың КСРО тарихына арналған еңбектерінде Қазақстандағы ұжымдастыру саясаты, атап айтқанда, ұжымдастыру жылдарындағы қазақ зиялы қауымы өкілдерінің қызметі жеткілікті деңгейде қарастырылмаған деп айтуға болады. Бұл жағдай батыстық ғалымдардың еңбектерінде КСРО тарихының жалпы мәселелеріне басымдық берілуімен байланысты. Осыған орай, зерттеушілер негізінен Кеңес Одағының орталық өңірлерінде орын алған оқиғаларға және Мәскеудегі орталық биліктің қабылдаған шешімдері мен шараларына назар аударған. Жалпы алғанда, тарихшылардың еңбектерінде ұжымдастыру мәселесінің жекелеген аспектілері талданғанымен, қазақ басқарушы элитасының осы үдерістегі орны мен рөлі арнайы зерттеу нысанына айналмаған.

Зерттеу нәтижелері

КСРО-ның Қазақстандағы ұжымдастыру саясаты және соған байланысты кеңестік орындаушылардың әртүрлі заңсыздық әрі бассыздық әрекеттері жергілікті тұрғындардың жасырын және ашық наразылығын тудырды. Бұл мәселенің жоғарыда айтылғандай, кеңестік билік өкілдерінің есептер, есепті жазбалар, баяндамалар сияқты құжаттарда айқын көрініс тапқандығын айтуға болады. Осындай жағдайда қазақ зиялыларының қарапайым халықтың мүдделерін қорғау мақсатында әртүрлі шаралар қабылдауға тырысты. Олардың бұл әрекеттері биліктің деңгейлерінде (республикалық, аудандық және жергілікті) байқалады. Мысал ретінде Қазақ Орталық атқару комитетінің хатшысы А.Ә. Асылбековтің¹ Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктер) партиясының Қазақ өлкелік комитетіне жолдаған баяндамасын келтіруге

¹ Бұл құжатта Асылбековтың есімі келтірілмеген. Бірақ осы тұста Абдолла Әбдірахманұлы (Мүсәпірұлы) жайлы айтылса керек. Өйткені 1928 жылдың 30 сәуірі мен 6 мамыры аралығында Қызылордада Қазақ атқару комитетінің ІІІ сессиясы өтті. Сессияның шешімі бойынша, Қазақ Орталық атқару комитеті хатшысының міндеті А.Ә. Асылбековқа жүктелді (Шілдебай, 2023: 131).

болады. Өзінің баяндамасында Асылбеков көптеген фактілерде Қазақстанның оңтүстік өңірлеріндегі кеңестік билік өкілдерінің әртүрлі заңсыз әрекеттеріне көңіл бөледі. Оның айтуы бойынша, 1930 жылдың алғашқы кезеңінде Талас-Сарысу ауданына коммунистер мен жауапты қызметкерлерден, сондай-ақ студенттерден тұратын төрт қарулы жасақ жіберілді. Атап айтқанда, бірінші жасақты Мирошников, екіншісін – Егенбаев, үшіншісін – Ермолов, ал төртіншісін – Калментьев басқарды. Олар 1930 жылдың ақпан айында орын алған Созақ көтерілісіне қатысқан шамамен 100 адамды тұтқынға алыпты. Бұл ретте Асылбековтің айтқанына қарағанда, «алғашқы отырыста жасақтардың басшылары Калментьев пен Ермолов кейбір тұтқындалғандар ешқандай сот әрі тергеу жүргізілмей-ақ атылғандығын тұспалдап айтты... Мен зорлық-зомбылыққа, әсіресе сотсыз-тергеусіз біреуді атуға жол берілмеуге, соның өзін айтуға да үзілді-кесілді қарсымын. Ал енді олар бұдан әрі де осындайды айта берсе, бүкіл операцияны бүлдіріп алады. Олар мені тыңдамай, өздерінің айтқандарында тұрғанда, мен үзілді-кесілді былай дедім: «Мені өлтірсеңдер де, осындай бассыздыққа жол бермеймін» деп, олардың пікірі дұрыс емес екендігін түсіндірдім» (Из доклада..., 2021: 368). Сонымен бірге баяндамасында А.Ә. Асылбеков мәселелерді, яғни «партияның саясатын» («линия партии») тек қарумен ғана жүргізуге қарсы шықты. Өйткені кейбір жауапты қызметкерлердің айтуынша, қазақтар қарудан ғана қорқады. Мысалы, Әулие Ата ауданы қылмыстық бөлімінің бастығы Мосненконың айтуы бойынша, «қазақтарды кедейлер, орташа дәулеттілер немесе байлар деп бөлуге қажет жоқ. Олардың бәрі бір-бірін қолдайды. Олардың бәрі, соның ішінде кейбір аудандық коммунистер де бар, байларды жақтайды. Олар қарудан ғана қорқады. Міне, мысалы, бір ауылға барсаң, бізге, орыстарға, ештеңе бермейді. Жолды көрсет десең, соны да айтпайды. Бізбен сөйлегілері де келмейді. Бірақ тапанша мен қылышпен қаруланғанымызды көрсе, болды, біз айтқанның бәрін орындауға дайын» (Из доклада..., 2021: 370).

Осындай жағдай Қазақстанның оңтүстігінде ғана емес, республиканың басқа да өңірлерінде байқалды. Мәселен, Батыс Қазақстанда өздерінің есепті баяндамаларында кеңес билігінің өкілдері КСРО-ның ұжымдастыру саясатын жүзеге асыру барысында қолданылған әдіс-тәсілдер Қазақстан тұрғындарының жаппай наразылығын тудырды. Соны кеңестік билік өкілдерінің өздері мойындаған. Мәселен, Маңғыстау өңіріндегі антикеңестік қозғалысты сипаттайтын есепті жазбалардың бірінде төмендегідей мәселеге ерекше назар аударылады: «1931 жылғы оқиғалардың ең басты ерекшелігі – халықтың жаппай қатысуы, яғни қалай болса да, Маңғыстау аймағының ауылдарында тұратындардың басым көпшілігі және балықшы ер адамдардың бір бөлігі тікелей ме, жанама ма; көп уақыт па, әлде аз уақыт па, бірақ бандиттік көшіп кетуге, қылмыскерлер топтарына, тонауға немесе қылмыскерлер топтарына жәрдемдесуге қатысты» (Докладная записка..., 2021: 263). Кеңестік партиялық өкілдері келесідей жайттарға да ерекше көңіл бөлген: «1928 жылға дейін билікте және партиялық ұйымның өзіндегі өкілдер мен қызметкерлердің бәрі дерлік байлармен байланыста болған деп айтуға болады. Бірнеше жыл бойы 1929 жылғы көктемге дейін осы аймақты (Маңғыстау аймағын. – Н. Д.) «алланизовшылдық» түгел жаулап алды. Далалық өңірде Адай ханы ретінде белгілі болған жиіркенішті адам Тұбанияз Алланиязовтың бойында советтерге және революцияға қарсы элементтердің барлығы біріккендей болды. Ең ірі феодал... әуелде ол кеңестік қызметкер болып істеген, 1925 жылға дейін Орал революциялық комитетінің төрағасы және Қазақ орталық атқару комитетінің мүшесі болған. Сол уақыттың ішінде уездің, кейін Маңғыстау аймағының да, партиялық-кеңестік және шаруашылық құрылысқа сіңіп кеткен ең ірі революцияға қарсы ұйымдарға басшылық етті (Докладная записка..., 2021: 262). Басқа жерге көшіп кетуді Тұбанияз Алланиязов және Ор-Ишан ұйымдастырған. Көшіп кетудің негізгі мақсаты шетелге, яғни Ауғанстанға кету болды» (Докладная записка..., 2021: 262). 1932 ж. 10 ақпан күні Ақмола облысы М. Горький ауданы ауылдық кеңесінің төрағасы Нұрғали Дүйсенбинов Мәскеудегі М. И. Калининге жолдаған хатында Павлодар-Ертіс аудандарындағы қазақтардың жаппай қырылғандығын хабарлады (Смағұлова, 2024: 96).

Семей округтік бөлімінің бастығы өзінің 1930 жылғы 8 қаңтардағы «Зайсан ауданында тұратын қазақ отбасыларының Қытайға көшуі туралы» баяндау хатында кеңестік органдарда қызмет еткен кейбір қазақтар кеңестік биліктің іс-шараларына қарсы шыққандарын атады:

«Тергеу барысында № 1 ауылда қызмет еткен Зайсан аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары Ықыласов, астық жинау жөніндегі уәкілетті Китанов және ауылдық кеңестің Садықов қараша айында ауылды аралап байларды жақтап үгіт-насихат жүргізді: «Байлар болмаса, сендер, кедейлер, күн көре алмайсыңдар. Байлардың шетелге қашуының себебі салықтың ауыр болғанында емес, шекаралық жасақтың олардың малы мен мүлкін тартып алуында». Байларға барып Ықыласов былай айтты: «Сіздердің үстіңізден арыз жазып жатқан Шекаралық жасақтың құпия агенттерінің аты-жөндерін және олардың тізімін маған беріңіздерші. Мен оларды сотқа беремін. Сіздердің үстіңізден арыз жазғандары үшін оларды бұл жерден қуып шығарамын. Сонымен барлығын жоғарыға жібереміз. Сол арқылы Шекаралық жасақтағы орыстардың бәрін шығарып, өзіміз боламыз. Сонда сіздерге ешкім тиіспейді...» (Из докладной записки..., 2021: 22).

Осындай жағдай кеңестік билік өкілдерін алаңдата бастады. Сондықтан да кеңестік билік органдарының өкілдері шекарадағы кеңестік солдаттардың құрамына қазақтарды енгізбеуге бағытталған тиісті шараларын қабылдады. Атап айтқанда, 1931 жылғы 3 мамыр күні Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктер) партиясы Қазақ өлкелік комитетінің отырысы өтті. Бұл отырыста Біріккен мемлекеттік саяси басқарма² төрағасының орынбасары Г. Ягоданың³ баяндау хаты тыңдалды. Өзінің баяндау хатында Г. Ягода Біріккен мемлекеттік саяси басқарманың Қазақстандағы шекаралық күзетінің құрамына қазақтарды қосуға қарсы шықты. Бұл құжатты қарау нәтижесінде Қазақ өлкелік комитеті төмендегідей шешім қабылданды: «Қазіргі уақытта шекаралық күзеттің жекелеген бекеттерінің құрамына партия мүшесі болған, 1930 жылы Қызыл Әскердің құрамына шақырылған бір-бірден сауатты қызыләскер-қазақты аудармашы ретінде енгізумен шектелуге болады» (Решение Казкрайкома ВКП(б)..., 2021: 879). Осыған байланысты төмендегідей жағдайға назар аудару жөн. Белгілі батыстық тарихшы Роберт Киндлер атап өткендей, «шекаралық әскер «қарақшылар» мен «қашқындардың» шекарадан өтуіне тосқауыл қоюмен ғана шектелмейді. Қызыл отрядтар қазақтарды Қытай жеріне өтіп кетсе де, арттарынан қуып барып шабуылдайтын» (Киндлер, 2023: 236–237).

Қазақ өлкелік комитетінің хатшысы Ф. И. Голощекин өзінің И. В. Сталинге жолдаған хатында, Сырдария округінің Созақ ауданындағы жергілікті тұрғындардың көтерілісі жайлы айта отырып, соған халықтың басым көпшілігінің қатысқандығына ерекше назар аударды. Сонымен бірге көтерілісшілердің әлеуметтік құрамын сипаттағанда, осы оқиғаларға «аудандағы коммунистердің елеулі бөлігі» де қатысқандығын мойындауға мәжбүр болды (Из закрытого письма..., 2021: 231). Осы мәселеге Ф. И. Голощекин бір жыл бұрын, яғни 1929 жылы да ерекше назар аударған. Оның айтуынша, «...біздің кейбір ауылдық ұйымдарымыз байларды жақтаған болып шықты. Біз үшін бұл аяқ астынан шыққан факт болған емес. Өйткені түптеп келгенде нағыз советтер, нағыз ауылдық [партиялық] ұйымдар әлі де жоқ. Тәркілеу барысында және тәркілеулеудің алдында әлі ауылды советтендіру керек» (Информация первого секретаря..., 2021: 770). Қазақ АКСР-інің үкіметі де өзінің Мәскеуге жолдаған есебінде бұл мәселені қозғады. Атап айтқанда, бай шаруашылықтарын тәркілеу және ірі бай-жартылай феодалдарды жер аудару науқанының нәтижесін айта отырып, төмендегідей мәселеге көңіл бөледі: «...кәмпескелеу барысында ауылдық партиялық ұйымдардың жасықтығы, ауылдық коммунистің осалдығы, енжарлығы анықталды... Кейбір партиялық, кеңестік және т.б. органдардағы кейбір коммунистер байлардың «тапсырмаларын» орындап, біздің бұйрықтарымызды орындамай жүрді...» (Доклад правительства..., 2021: 786).

Қазақ зиялылары республикалық деңгейде осындай саясатқа қарсы тұрды. Ораз Жандосовтың Қазақстанның үкіметіне және Қазақстанның партиялық ұйымдарына 1933

² КСРО Халық комиссарлары кеңесінің жанындағы Біріккен мемлекеттік саяси басқарма (орысша – ОГПУ при СНК СССР) – КСРО-ның мемлекеттік қауіпсіздігі жөніндегі арнайы орган. – *НД*.

³ Генрих Григорьевич Ягода (1891–1938) – советтік мемлекеттік және саяси қайраткер, советтік қауіпсіздік органдары бас жетекшілерінің бірі. – *НД*.

жылғы 17 қаңтар күні жіберілген есептік баяндамасында ұжымдастыру кезінде Оңтүстік Қазақстандағы партиялық және кеңестік өкілдер жасаған көптеген бассыздық фактілеріне көңіл бөлді. Өзінің баяндамасында Ораз Жандосов Шу ауданы экономикасының құлдырауы, каннибализм туралы жазады. Сонымен бірге ол Сарысу ауданынан Шу арқылы Қырғызстанға босып бара жатқан қазақтарға (мәтінде – «откочевщики») ерекше тоқталады. Атап айтқанда, Ораз Жандосовтың айтуы бойынша, 1933 жылдың басында Әулие-Атада және оның төңірегінде бір мыңнан астам қазақ отбасы жиналды: «Осындай жағдайды көріп, мен Әулие-Атада уақытша қалуға мәжбүр болдым. Қаңтардың 11 және 12 күндері босып кеткендер жедел көмек беруге байланысты мәселелермен айналыстым» (Докладная записка У. Джандосова..., 2021: 95). Бұл ретте өзінің есепті баяндамасында жергілікті кеңестік органдардың селқостығын атап өтіп, Ораз Жандосов босып кеткендердің («откочевщики») жағдайын жақсарту үшін бірқатар шара қабылдауды ұсынды, соның ішінде Заготзерноның⁴ Әулие-Ата және Талас орталықтарында көбірек астық жинау (Докладная записка У. Джандосова..., 2021: 897–898). Сонымен бірге Оңтүстік Қазақстандағы босып кеткендердің ауыр жағдайын сипаттай отырып, Ораз Жандосов кейбір кеңестік органдардың өз қызметіне селқостықпен қарағандығына ерекше назар аударады (Докладная записка У. Джандосова..., 2021: 897).

Көптеген жағдайда қазақ зиялылары билік өкілдерін ашаршылық фактілеріне назар аудартуға тырысты. Мысалы, Қазақ АССР Халық комиссарлары Кеңесі төрағасының орынбасары Ұ. Ж. Құлымбетов өзінің Ақтөбе облыстық атқару комитетінің төрағасы Ивановқа жолдаған 1932 ж. 9 шілдедегі жеделхатында төмендегідей ақпарат келтіреді: «Қолымызда сіздің облысыңыздың Торғай, Батбақара және басқа да шалғай аудандарында тамақ тапшылығынан өлген адамдар жөнінде ақпарат бар. Нанмен қамтамасыз ету мәселесін шешу үшін нақты қабылданған шаралар, облыстан жауапты қызметкерлерді жіберу жөнінде телеграфпен ақпарат беріңіз, сондай-ақ азық-түлік, босып кеткендерді жайластыру үшін бөлінген қаражаттардың қалдықтары жөнінде телеграфпен ақпарат беріңіз» (Телеграмма заместителя..., 2021: 276).

Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктер) партиясы Өлкелік комитетінің Уәкілеттісі І. Қожамұратов пен Оңтүстік Қазақстан облыстық комитетінің өкілі М. Ибрагимовтың Қазақстанның үкіметі мен бүкілодақтық партиялық органдарға арналған есепті жазбасында Әулие-Ата қаласындағы босып көшкендердің өте ауыр жағдайын атап өтті. Осыған байланысты сол қазақтардың жағдайын көріп төмендегідей проблемаға назар аударды: «...12 ақпанға дейін Талас босып көшкендерінің көпшілігіне қызмет көрсетілген жоқ. Яғни оларға тамақ берілмеген, дәрігерлік көмек көрсетілмеген, олардың балалары Әулие-Атаның балалар үйлеріне қабылданбаған. Нәтижесінде Таластан келгендер Әулие-Атада қалай болса, солай орналасқан... Азық-түлік тапшылығына байланысты кейбір жағдайларда каннибализм фактілері анықталды...» (Докладная записка Уполномоченного..., 2021: 920–921). Осындай жағдайға РСФСР-дің жоғары билік органдарының да назар аударғандығын көруге болады. Мысалы, РСФСР Әділет халық комиссары Н. Крыленконың РСФСР Халық комиссарлары Кеңесі төрағасының орынбасары Тұрар Рысқұловқа жолданған есепті жазбасында Қырғызстанның Тоқмақ қаласына келген қазақтардың арасында каннибализм фактілері жиілей бастады (Докладная записка народного комиссара..., 2021: 950). Н. Крыленкодан осы құжатты алғаннан кейін Тұрар Рысқұлов Қырғызстан мен РСФСР-дің мемлекеттік және партиялық органдарына, сондай-ақ бүкілодақтық партиялық органдарға жіберілген хатында «сол фактілерді тез арада тексеріп, азық-түлік орындарындағы соған жол берген жазықты адамдарды қатаң жауапкершілікке тартуды» талап етті (Письмо заместителя..., 2021: 953).

Халықтың ауыр жағдайын көріп кейбір жауапты кеңестік қызметкерлер жоғары билік органдарына жүгінуге тырысты. Мысалы, Коммунистік партияның Қарабалық аудандық комитетінен төмендегідей хабар келді: «Жоспарлардың орындалуы мүмкін емес болғандықтан ауданның экономикасы мүлдем құлдырап кетті. Ұжымшаршылар, сондай-ақ кедейлер мен ортақол шаруалар өздерінің болашағы жоқ деп санайды. Ұжымшаршылар көңілі қалып, бізден

⁴ Астықты қабылдау, кептіру, дайындау және үлестіру жөніндегі мемлекеттік ұйымдар мен орындар. – Н.Д.

кетіп жатыр» (Абылхожин, Козыбаев, Татимов, 1989: 55). Осындай жағдайда бірқатар қазақ кеңестік партиялық өкілдері Мәскеудегі бүкілодақтық билік органдарына жүгінген. Мысалы, Тұрар Рысқұлов РСФСР Халық комиссарлары кеңесі төрағасының орынбасары ретінде Қазақстанның сан алуан өңірлерінен келген ақпараттарға сүйене отырып, республика тұрғындарының ауыр жағдайын сипаттайтын хаттарын Сталинге, Кагановичке және Молотовқа жолдады. Өзінің хаттарында Тұрар Рысқұлов былай жазды: «Осы хатпен танысып, бұл іске араласып, ашаршылықтан қырылған көптеген адамдардың өмірін сақтап қалуыңызды өтінемін» (Абылхожин, Козыбаев, Татимов, 1989: 64). Өзінің хатында Тұрар Рысқұлов 1932 жылдан бастап қазақ халқының арасында орын алған ашаршылық, індетке, сондай-ақ қазақтардың бір бөлігі республиканы тастап көршілес республикалар мен өңірлерге ашаршылықтан босып кетуге мәжбүр болғандарға назар аударады (История Казахстана, 2009: 288–290).

Кейбір жағдайларда қазақ кеңестік элитасының өкілдері бұл саясатқа қарсы шықты. Атап айтқанда, 1932 ж. 4 шілде күні қазақ зиялыларының бір тобы, соның ішінде жазушы Ғабит Мүсірепов, Қазақ мемлекеттік баспасының меңгерушісі Мәнсұр Гатаулин, Комвуз проректоры Емберген Алтынбеков, Комвуз проректорының орынбасары Мұташ Дәулетқалиев және Қазақ АКСР Мемлекеттік жоспары энергетика секторының меңгерушісі Қадыр Қуанышев Ф. И. Голощекинге және Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктер) партиясының Өлкелік комитетіне ұжымдық хат жазды. Осы хат тарихта «Бесеудің хаты» деген атымен белгілі. Сөз болып отырған хатта төмендегідей құбылыстарға, мысалы, Лениннің еріктілік принципінің бұзылуы, қазақ ауылының ерекшеліктерінің ескерілмеуі, орта қолды шаруаларды байлармен бірге жою, партияның ұжымдастыру жөніндегі жалпы бағытының бұрмалануы, халық арасында мал шаруашылығына деген жиіркеніш тудыру сияқты фактілерге көңіл бөлінді («Письмо...», 2026). Тарихшы ғалымдар ерекше атап өткендей, «мұндай құжаттардың Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктер) партиясы Орталық Комитетінің кадр саясатына әсері туралы біржақты айту қиын, бірақ факт әлі де бар: 1933 жылдың қаңтарында Қазақстандағы ұжымдастырудағы шектен шығулармен байланысты Ф. И. Голощекин республикадан шақырылып алынды» («Письмо...», 2026).

Қорытынды

Қазақтың кеңестік партиялық элитасының өкілдері ұжымдастыру барысында қарапайым халықты әртүрлі бассыздықтан қорғауға тырысты. Осы мақсатта олар келесідей «құралдарды» пайдаланды. Біріншіден, қазақ басқарушы элитасының өкілдері (Тұрар Рысқұлов және т.б.) хаттар, ұжымдық хаттар жазу, есепті баяндамалар құрастыру және т.б. арқылы КСРО жоғары билік органдарының басшыларын (И. Сталин, В. Молотов, Л. Каганович) Қазақстандағы ашаршылық, қазақтарға қатысты әртүрлі құқық бұзушылық фактілері жөнінде хабардар етті. Екіншіден, қазақ кеңестік қайраткерлері Қазақстандағы жоғары қызметтерінде өздерінің әкімшілік ресурстарын пайдалана отырып, КСРО үкіметінің Қазақстанға байланысты шығарған өкімдері мен бұйрықтарын, сондай-ақ нұсқаулықтарын республикадағы ішкі әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-саяси және т.б. жағдайларға бейімдеуге тырысты. Үшіншіден, зардап шеккен қарапайым халықты және оның мүдделерін қорғау жөнінде нақты ұсыныстар дайындады.

Алайда қазақ басқарушы элитасы өкілдерінің билігі шектеулі болғандығын атап өткен жөн. Өйткені олар сол кезеңдегі жағдайда тоталитарлық жүйенің құрсауында әрекет етуге мәжбүр болды. Бұл ретте қазақ зиялылары бірқатар мәселелерді шешуге тырысты, бірақ көптеген мәселелерді өңірлік деңгейде шешу мүмкін болмады. Өйткені билік басындағылар барлық саяси, экономикалық және әлеуметтік бағыттар бойынша шешімдерді бүкілодақтық деңгейде қабылдады.

References:

Abylkhozhin, Kozybayev, Tatimov, 1989 — *Abylkhozhin Zh.B., Kozybayev M.K., Tatimov M.B. Kazakhstanskaya tragediya* [Kazakhstan tragedy]. *Voprosy istorii*. 1989. No. 7. P. 53–71. (In Russ.).

Akkuly S., 2014 — *Akkuly S. Golod 1932–1933 gg. istrebil kazakhov na 70 %, sokrativ s 7,2 millionov do 2!* [The famine of 1932–1933 exterminated the Kazakhs by 70 %, reducing them from 7.2 million to 2!]. Golod 1930-kh godov v Ukraine i Kazakhstane: voprosy istoriografii i podkhody k issledovaniyu problemy (k 80-letiyu tragedii) / Gen. ed. Ye.B. Sydykov. Astana: L.N. Gumilyov ENU, 2014. P. 138–147. (In Russ.).

Alekseyenko, 2026 — *Alekseyenko A.N. Demograficheskiye posledstviya goloda v Kazakhstane nachala 30-kh godov (otsenka poter kazakhskogo etnosa)* [Demographic consequences of the famine in Kazakhstan in the early 1930s (an assessment of the loss of the Kazakh ethnic group)] // <https://www.demoscope.ru/weekly/2003/0101/analit02.php> (access date: 02.03.2026). (In Russ.).

Anisimov, 2020 — *Anisimov Ye. Istoriya Rossii ot Ryurika do Putina. Lyudi, sobytiya, daty* [History of Russia from Rurik to Putin. People, events, dates] / 4th ed., enlarg. Saint Petersburg: Piter, 2020. 592 p. (In Russ.).

Boffa, 1994 — *Boffa Dzh. Istoriya Sovetskogo Soyuza. Monografiya* [History of the Soviet Union. Monograph]. In 2 vol. Vol. 1. «Ot revolyutsii do vtoroy mirovoy voyny. Lenin i Stalin. 1917–1941 gg. [From the Revolution to the World War 2. Lenin and Stalin] / Transl. from Ital. I.B. Levin. Moscow: Mezhdunarodnye otnosheniya, 1994. 632 p. (In Russ.).

Vdovin, Barsenkov, 2010 — *Vdovin A.S., Barsenkov A.I. Istoriya Rossii. 1917–2009* [History of Russia. 1917–2009] / 3rd ed., enlarg. and rev. Moscow: Aspekt Press, 2010. 846 p. (In Russ.).

Vert, 1992 — *Vert N. Istoriya sovetskogo gosudarstva. 1900–1991* [History of the Soviet State. 1900–1991] / Transl. From Fr. Moscow: Progress; Progress-Akademiya, 1992. 480 p. (In Russ.).

Doklad pravitelstva..., 2021 — *Doklad pravitelstva KASSR v CK VKP(b) i VCIK o provedenii i itogah kampanii po konfiskatsii imushchestva i vyseleniyu krupnykh baev-polufedalov. 23 aprelya 1929 g.* [Report of the KASSR government to the SC VKP(b) and VCIK on the implementation and results of the campaign to confiscate property and evict large semi-feudal bais. April 23, 1929]. Asharshylyq. Golod. Dokumental'nye hroniki [Asharshylyq. Famine. Documentary chronics]. Collection of documents. 1928–1934. Vol. 1. 1928–1929 / Ex. ed. B. Abdigaliuly. Almaty: Atamura, 2021. P. 774–791. (In Russ.).

Dokladnaya zapiska..., 2021 — *Dokladnaya zapiska «O banddvizhenii v Mangistauskom rayone s fevralya po sentyabr 1931 goda»* [Report 'On the bandit movement in the Mangistau region from February to September 1931']. «Sovershenno sekretno»: rassekrechennyye normativnye pravovyye akty i dokumenty [“Top Secret. Declassified Legal Acts and Documents”]. Collection of documents. Vol. I. Nur-Sultan, 2021. P. 254–274. (In Russ.).

Dokladnaya zapiska narodnogo komissara..., 2021 — *Dokladnaya zapiska narodnogo komissara yustitsii RSFSR N. Krylenko. 4 iyulya 1933 g.* [Memorandum of the People's Commissar..., 2021 – Memorandum of the People's Commissar of Justice of the RSFSR N. Krylenko. July 4, 1933]. «Sovershenno sekretno»: rassekrechennyye normativnye pravovyye akty i dokumenty [Top Secret. Declassified Legal Acts and Documents”]. Collection of documents. Vol. 1. Nur-Sultan, 2021. P. 950. (In Russ.).

Dokladnaya zapiska U. Dzhandosova..., 2021 — *Dokladnaya zapiska U. Dzhandosova. 17 yanvarya 1933 g.* «Sovershenno sekretno»: rassekrechennyye normativnye pravovyye akty i dokumenty [Top Secret. Declassified Legal Acts and Documents”]. Collection of documents. Vol. 3. Nur-Sultan, 2021. P. 891–898. (In Russ.).

Dokladnaya zapiska Upolnomochennogo..., 2021 — *Dokladnaya zapiska Upolnomochennogo Kraykoma VKP(b) I. Kozhamuratova, Yuzhno-Kazakhstanskogo obkoma M. Ibragimova. 15 fevralya 1933 g.* [Report of the Authorized Representative of the Regional Committee of the All-Union Communist Party (Bolsheviks) I. Kozhamuratov, and the South Kazakhstan Regional Committee M. Ibragimov. February 15, 1933]. «Sovershenno sekretno»: rassekrechennyye normativnye pravovyye akty i dokumenty [Top Secret. Declassified Legal Acts and Documents”]. Collection of documents. Vol. 3. Nur-Sultan, 2021. P. 920–924. (In Russ.).

Dyussenova, 2026 — *Dyussenova N.K. Turik zertteushilerinin enbekterindegi Asharshylyq maselesi* [The problem of Asharshylyq in the works of Turkish researchers]. Otan tarihy. 2026. Vol. 29. Iss. 1. P. 303–311. (In Kaz.).

Informatsiya pervogo sekretarya..., 2021 — *Informatsiya pervogo sekretarya Kazkrajkom F.I. Goloshekina i CK VKP(b) «O provedenii po KASSR konfiskatsii skota i imushchestva i vyselenii krupnejshih baev-polufedalov».* Asharshylyq. Golod. Dokumental'naya hronika [Asharshylyq. Famine. Documentary chronics]. Collection of documents. 1928–1934. Vol. 2. 1930–1931 / Ex. ed. B. Abdigaliuly. Almaty: Atamura, 2021. P. 768–774. (In Russ.).

Iz doklada..., 2021 — *Iz doklada sekretarya KazCIK v Kazkrajkom VKP(b) o polozhenii v Sarysujskom i Talasskom rajonah i o dejstviyah kommunisticheskikh otryadov. 26 aprelya 1930 g.* Sov. sekretno [From the report of the Secretary of the Kazakh Central Executive Committee to the Kazakh Regional Committee of the All-Union Communist Party (Bolsheviks) on the situation in the Sarysu and Talas districts and on the actions of communist detachments. April 26, 1930. Top Secret]. Asharshylyq. Golod. Dokumental'naya hronika [Asharshylyq. Famine. Documentary chronics]. Collection of documents. 1928–1934. Vol. 2. 1930–1931 / Ex. ed. B. Abdigaliuly. Almaty: Atamura, 2021. P. 366–379. (In Russ.).

Iz dokladnoy zapiski..., 2021 — *Iz dokladnoy zapiski nachalnika Semipalatinskogo okrujnogo otdela, OGPU Semipalatinskomu okrujnomu VKP(b) «Ob otkochevke kazakskih semey v Kitay iz Zaysanskogo rayona».* 8 yanvarya 1930 g. [From the report of the head of the Semipalatinsk District Department, OGPU to the Semipalatinsk District All-Union Communist Party (Bolsheviks), «On the migration of Cossack families to China from the Zaisan District». January 8, 1930]. Asharshylyq. Golod. Dokumental'naya hronika. Sbornik dokumentov [Asharshylyq. Famine. Documentary chronics]. Collection of documents. 1928–1934. Vol. 2. 1930–1931 / Ex. ed. B. Abdigaliuly. Almaty: Atamura, 2021. P. 22–23. (In Russ.).

Iz zakrytogo pisma..., 2021 — *Iz zakrytogo pisma sekretarya Kazkrajcoma VKP(b) F.I. Goloshekina sekretaryu CK VKP(b) I.V. Stalinu o politiko-ekonomicheskom sostoyanii Kazahstana. Posle 5 marta 1930 g.* [From a closed letter from the Secretary of the Kazkrai Committee of the All-Union Communist Party (Bolsheviks) F.I. Goloshekin to the Secretary of the Central Committee of the All-Union Communist Party (Bolsheviks) I.V. Stalin on the political and economic situation in Kazakhstan. After March 5, 1930]. Asharshylyq. Golod. Dokumental'naya hronika [Asharshylyq. Famine. Documentary chronics]. Collection of documents. 1928–1934. Vol. 2. 1930–1931 / Ex. ed. B. Abdigaliuly. Almaty: Atamura, 2021. P. 229–232. (In Russ.).

Iz cirkulyara..., 2021 — *Iz cirkulyara NKYu KASSR o provedenii kampanii po hlebozagotovkam.* Asharshylyq. Golod. Dokumentalnaya hronika. Sbornik dokumentov [Asharshylyq. Famine. Documentary chronics]. Collection of documents]. 1928–1934. Vol. 1. 1928–1929 / Ex. ed. B. Abdigaliuly. Almaty: Atamura, 2021. P. 25–27. (In Russ.).

Istoriya Kazakhskoy SSR..., 1949 — *Istoriya Kazakhskoy SSR s drevneyshikh vremen do nashikh dney* [History of the Kazakh SSR from ancient times to the present day] / 2nd edition, rev. and enlarge.; gen ed. I.O. Omarov and A.M. Pankratova. Vol. 2. Alma-Ata, 1949. 452 p. (In Russ.).

Istoriya Kazakhstana..., 2009 — *Istoriya Kazakhstana s drevneyshikh vremen do nashikh dney* [History of Kazakhstan from ancient times to the present day]. In 5 vol. Vol. 4. Almaty: Atamura, 2009. 768 p.

Istoriya Rossii..., 2024 — *Istoriya Rossii. S drevneyshikh vremen do nashikh dney* [History of Russia. From Ancient Times to the Present Day] / A.N. Bokhanov, L.E. Morozova, M.A. Rakhmatullin, A.N. Sakharov, V.A. Shestakov. Moscow: AST, 2024. 1744 p. (In Russ.).

Kindler, 2017 — *Kindler R. Stalindik koshpendiler: Kazakhstan biligi zhane asharshylyk* [Stalin's Nomads: Vlast and Famine in Kazakhstan] / Aud. Oten Akhmet. Astana: Foliant, 2023. 432 p. (In Kaz.).

Kornilov, 2023 — *Kornilov G.E. Golod v Kazakskoy ASSR v 1930-e gody: istoriografichesky dreyf* [Famine in the Kazak ASSR in the 1930s: Historiographical Drift]. Noveyshaya istoriya Rossii. 2023. Vol. 13. No. 1. P. 99–121. (In Russ.).

Olcott, 1981 — *Olcott M.B. The Collectivization Drive in Kazakhstan.* Russian Review. 1981. Vol. 40. No. 2. P. 122–142.

Pianciola, 2004 — *Pianciola N. Famine in the Steppe. The collectivization of agriculture and the Kazak herdsmen 1928–1934.* Cahiers du monde Russe. 2004. Vol. 45. No. 1–2. P. 137–192.

Pis'mo zamestitelya..., 2021 — *Pis'mo zamestitelya predsedatelya SNK RSFSR T. Ryskulova ob obustroytve kazakhov-otkochevnikov* [Letter from the Deputy Chairman of the Council of People's Commissars of the RSFSR T. Ryskulov on the settlement of Kazakh nomads, 2021]. «Sovershenno sekretno»: rassekrechennyye normativnye pravovyye akty i dokumenty [‘Top Secret’: Declassified Normative Acts and Documents]. Collection of documents. Vol. 3. Nur-Sultan, 2021. P. 953–954. (In Russ.).

Pis'mo..., 2026 — *«Pis'mo pyaterykh»* [Letter of the Five] // <https://e-history.kz/ru/news/show/5072> (In Russ.).

Reshenie Kazkrajcoma VKP(b)..., 2021 — *Reshenie Kazkrajcoma VKP(b) po dokladnoj zapiske G. Yagody o nedopustimosti komplektovaniya pogranvojsk krasnoarmejskimi-kazahami.* 3 maya 1931 g. [Decision of the Kazakh Regional Committee of the VKP(b) on the report of G. Yagoda on the inadmissibility of staffing border guards with Red Army Kazakhs. May 3, 1931]. Asharshylyq. Golod. Dokumental'naya hronika [Asharshylyq. Famine. Documentary chronics]. Collection of documents. 1928–1934. Vol. 2. 1930–1931 / Ex. ed. B. Abdigaliuly. Almaty: Atamura, 2021. P. 879.

Smagulova, 2023 — *Smagulova S. Zulmat zhyldar zardaby: 1931–1933 zhzh.* [The severe consequences of the years of oppression: 1931–1933]. Astana, 2024. 253 p. (In Kaz.).

Shildebay, 2023 — *Shildebay S.Q. Qazaq AKSR memlekettik bilik zhujesinin okilderi.* Omirbayandyq-qyzmettik anyqtamalyq. 1920–1936 [Representatives of the state power system of the Kazakh ASSR. Biographical and service directory. 1920–1936]. Almaty: QR OMA, 2023. 420 p. (In Kaz.).

Telegramma zamestitelya..., 2021 — *Telegramma zamestitelya predsedatelya SNK Kazakskoy ASSR U.D. Kulumbetova predsedatelyu Aktyubinskogo oblispolkoma Ivanovu o golode v Aktyubinskoy oblasti.* 9 iyulya 1932 g. [Telegram from U.D. Kulumbetov, Deputy Chairman of the Council of People's Commissars of the Kazakh ASSR, to Ivanov, Chairman of the Aktobe Regional Executive Committee, regarding the famine in the Aktobe region. July 9, 1932]. «Sovershenno sekretno»: rassekrechennyye normativnye pravovyye akty i dokumenty [‘Top Secret: Declassified Normative Acts’]. Collection of documents. Vol. 3. Nur-Sultan, 2021. P. 276. (In Russ.).

Yakemenko, 2024 — *Yakemenko B.G. Istoriya Rossii. S drevneyshikh vremen do nashikh dney* [History of Russia. From Ancient Times to the Present Day]. Moscow: Yauza-katalog, 2024. 992 p. (In Russ.).

Әдебиеттер

Абылхожин, Козыбаев, Татимов, 1989 — *Абылхожин Ж.Б., Козыбаев М.К., Татимов М.Б. Казахстанская трагедия // Вопросы истории.* 1989. № 7. С. 53–71.

Аккулы С., 2014 — *Аккулы С. Голод 1932–1933 гг. истребил казахов на 70 %, сократив с 7,2 миллионов до 2! // Голод 1930-х годов в Украине и Казахстане: вопросы историографии и подходы к исследованию проблемы (к 80-летию трагедии) / Под. общ. ред. Е.Б. Сыдыкова.* Астана: ЕНУ им. Л. Н. Гумилева, 2014. С. 138–147.

Алексеев, 2026 — *Алексеев А.Н. Демографические последствия голода в Казахстане начала 30-х годов (оценка потерь казахского этноса) // <https://www.demoscope.ru/weekly/2003/0101/analit02.php>* (Қаралған күн: 02.03.2026).

- Анисимов, 2020 — *Анисимов Е.* История России от Рюрика до Путина. Люди, события, даты / 4-е изд., доп. Санкт-Петербург: Питер, 2020. 592 с.
- Бюффа, 1994 — *Бюффа Дж.* История Советского Союза. Монография. В двух томах. Т. 1. «От революции до второй мировой войны. Ленин и Сталин. 1917–1941 гг. / Пер. с итал. И.Б. Левина. Москва: Международные отношения, 1994. 632 с.
- Вдовин, Барсенков, 2010 — *Вдовин А.С., Барсенков А.И.* История России. 1917–2009 / Изд. 3-е, расшир. и перераб. М.: Аспект Пресс, 2010. 846 с.
- Верт, 1992 — *Верт Н.* История советского государства. 1900–1991 / Пер. с франц. Москва: Прогресс; Прогресс-Академия, 1992. 480 с.
- Доклад правительства..., 2021 — Доклад правительства КАССР в ЦК ВКП(б) и ВЦИК о проведении и итогах кампании по конфискации имущества и выселению крупных баев-полufeодалов. 23 апреля 1929 г. // Ашаршылық. Голод. Документальная хроника. Сборник документов. 1928–1934. Т. 1. 1928–1929 / Отв. ред. Б. Әбдіғалиұлы. Алматы: Атамұра, 2021. С. 774–791.
- Докладная записка..., 2021 — Докладная записка «О банддвижении в Мангистауском районе с февраля по сентябрь 1931 года» // «Совершенно секретно»: рассекреченные нормативные правовые акты и документы. Сборник документов. Т. 1. Нур-Султан, 2021. С. 254–274.
- Докладная записка народного комиссара..., 2021 — Докладная записка народного комиссара юстиции РСФСР Н. Крыленко. 4 июля 1933 г. // «Совершенно секретно»: рассекреченные нормативные правовые акты и документы. Сборник документов. Т. 3. Нур-Султан, 2021. С. 950.
- Докладная записка У. Джандосова..., 2021 — Докладная записка У. Джандосова. 17 января 1933 г. // «Совершенно секретно»: рассекреченные нормативные правовые акты и документы. Сборник документов. Т. 3. Нур-Султан, 2021. С. 891–898.
- Докладная записка Уполномоченного..., 2021 — Докладная записка Уполномоченного Крайкома ВКП(б) И. Кожамуратова, Южно-Казахстанского обкома М. Ибрагимова. 15 февраля 1933 г. // «Совершенно секретно»: рассекреченные нормативные правовые акты и документы. Сборник документов. Т. 3. Нур-Султан, 2021. С. 920–924.
- Дюсенова, 2026 — Дюсенова Н.К. Түрік зерттеушілерінің еңбектеріндегі Ашаршылық мәселесі // Отан тарихы. 2026. Т. 29. Вып. 1. С. 303–311.
- Информация первого секретаря..., 2021 — Информация первого секретаря Казкрайкома Ф.И. Голощекина и ЦК ВКП(б) «О проведении по КАССР конфискации скота и имущества и выселении крупнейших баев-полufeодалов» // Ашаршылық. Голод. Документальная хроника. Сборник документов. 1928–1934. Т. 2. 1930–1931 / Отв. ред. Б. Әбдіғалиұлы. Алматы: Атамұра, 2021. С. 768–774.
- Из доклада..., 2021 — Из доклада секретаря КазЦИК в Казкрайком ВКП(б) о положении в Сарысуйском и Таласском районах и о действиях коммунистических отрядов. 26 апреля 1930 г. Сов. секретно // Ашаршылық. Голод. Документальная хроника. Сборник документов. 1928–1934. Т. 2. 1930–1931 / Отв. ред. Б. Әбдіғалиұлы. Алматы: Атамұра, 2021. С. 366–379.
- Из докладной записки..., 2021 — Из докладной записки начальника Семипалатинского окружного отдела, ОГПУ Семипалатинскому окружному ВКП(б) «Об откочевке казахских семей в Китай из Зайсанского района». 8 января 1930 г. // Ашаршылық. Голод. Документальная хроника. Сборник документов. 1928–1934. Т. 2. 1930–1931 / Отв. ред. Б. Әбдіғалиұлы. Алматы: Атамұра, 2021. С. 22–23.
- Из закрытого письма..., 2021 — Из закрытого письма секретаря Казкрайкома ВКП(б) Ф.И. Голощекина секретарю ЦК ВКП(б) И.В. Сталину о политико-экономическом состоянии Казахстана. После 5 марта 1930 г. // Ашаршылық. Голод. Документальная хроника. Сборник документов. 1928–1934. Т. 2. 1930–1931 / Отв. ред. Б. Әбдіғалиұлы. Алматы: Атамұра, 2021. С. 229–232.
- Из циркуляра..., 2021 — Из циркуляра НКЮ КАССР о проведении кампании по хлебозаготовкам. 11 января 1928 г. // Ашаршылық. Голод. Документальная хроника. Сборник документов. 1928–1934. Т. 1. 1928–1929 / Отв. ред. Б. Әбдіғалиұлы. Алматы: Атамұра, 2021. С. 25–27.
- История Казахской ССР..., 1949 — История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней / 2-изд., испр. и доп.; под общ. ред. И.О. Омарова и А.М. Панкратовой. Т.2. Алма-Ата, 1949. 452 с.
- История Казахстана..., 2009 — История Казахстана с древнейших времен до наших дней. В пяти томах. Т. 4. Алматы: Атамұра, 2009. 768 с.
- История России..., 2024 — История России. С древнейших времен до наших дней / А.Н. Боханов, Л.Е. Морозова, М.А. Рахматуллин, А.Н. Сахаров, В.А. Шестаков. Москва: АСТ, 2024. 1744 с.
- Киндлер, 2017 — *Киндлер Р.* Сталиндік көшпенділер: Қазақстан билігі және ашаршылық / Ауд. Өтен Ахмет. Астана: Фолиант, 2023. 432 б.
- Корнилов, 2023 — *Корнилов Г.Е.* Голод в Казахской АССР в 1930-е годы: историографический дрейф // Новейшая история России. 2023. Т. 13. № 1. С. 99–121.
- Письмо заместителя..., 2021 — Письмо заместителя председателя СНК РСФСР Т. Рыскулова об обустройстве казахов-откочевников // «Совершенно секретно»: рассекреченные нормативные правовые акты и документы. Сборник документов. Т. 3. Нур-Султан, 2021. С. 953–954.
- «Письмо...», 2026 — «Письмо пятерых» // <https://e-history.kz/ru/news/show/5072> (Каралған күн: 02.05.2026).
- Решение Казкрайкома ВКП(б)..., 2021 — Решение Казкрайкома ВКП(б) по докладной записке Г. Ягоды о недопустимости комплектования погранвойск красноармейцами-казахами. 3 мая 1931 г. // Ашаршылық. Голод.

Документальная хроника. Сборник документов. 1928–1934. Т. 2. 1930–1931 / Отв. ред. Б. Әбдіғалиұлы. Алматы: Атамұра, 2021. С. 879.

Смағұлова, 2023 — Смағұлова С. Зұлмат жылдар зардабы: 1931–1933 жж. Астана, 2024. 253 б.

Телеграмма заместителя..., 2021 – Телеграмма заместителя председателя СНК Казахской АССР У.Д. Кулумбетова председателю Актюбинского облисполкома Иванову о голоде в Актюбинской области. 9 июля 1932 г. // «Совершенно секретно»: рассекреченные нормативные правовые акты и документы. Сборник документов. Т. 3. Нур-Султан, 2021. С. 276.

Шілдебай, 2023 — Шілдебай С.Қ. Қазақ АКСР мемлекеттік билік жүйесінің өкілдері. Өмірбаяндық-қызметтік анықтамалық. 1920–1936. Алматы: ҚР ОМА, 2023. 420 б.

Якеменко, 2024 — Якеменко Б.Г. История России. С древнейших времен до наших дней. Москва: Яуза-каталог, 2024. 992 с.

Olkott, 1981 — *Olkott M.B.* The Collectivization Drive in Kazakhstan // *Russian Review*. 1981. Vol. 40. No. 2. P. 122–142.

Pianciola, 2004 — *Pianciola N.* Famine in the Steppe. The collectivization of agriculture and the Kazak herdsmen 1928–1934 // *Cahiers du monde Russe*. 2004. Vol. 45. No. 1-2. P. 137–192.

CONTENTS

HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES

Karimov M., Nasyrov M., Rakhmetullin E. THE LIFE OF SHAKARIM HAJI DURING THE SOVIET PERIOD: IN MEMORIES AND SOURCES	950
Sabitov Zh., Karatayev A. A. ABU SAID JANIBEK KHAN IN THE 1430S–1450S: NEW EVIDENCE FROM CHINESE SOURCES	966
Tylakhmetova A. S., Beisembayeva A. R., Tepkeev V. T. THE SOURCE BASE FOR THE STUDY OF THE LIFE AND STATE ACTIVITIES OF ABILMAMBET KHAN.....	980
Shabambayeva A. G., Abdrakhmanov B. N., Sadykova A. M. HISTORICAL DISCOURSE IN THE WORKS OF A. ZH. MASHANOV	995

HISTORY

Akhmetova G. M. THE MERCHANT CLASS AND TRADE RELATIONS OF NORTHEASTERN KAZAKHSTAN	1009
Dyusenova N. K. KAZAKH SOVIET MANAGERIAL ELITE DURING COLLECTIVIZATION IN KAZAKHSTAN	1027
Kuanbay O. B., Apendiyev T. A. JAPAN'S XIX CENTURY FAMILY REGISTRATION AND POPULATION CENSUS SYSTEM FEATURES (BASED ON ARCHIVE DOCUMENTS FROM THE MEIJI PERIOD)	1042
Mussagaliyeva A. S., Kozybayeva M. M. DISCUSSIONS ON THE ANCIENT AND MEDIEVAL HISTORY OF KAZAKHSTAN DURING THE DISCUSSION OF THE ACADEMIC PUBLICATION "HISTORY OF THE KAZAKH SSR" IN THE 1950S	1060
Nurtazina N. D. THE REVIVAL OF SUFISM IN KAZAKHSTAN: SAID KURBANALI HAZRAT ISHAN (AKHMEDOV) AND HIS LEGACY	1078
Primkulova G., Sandybaeva A., Tastanbekov M. CULT AND RITUAL STRUCTURES OF TURKESTAN: HISTORICAL AND ARCHITECTURAL ANALYSIS OF UNDERGROUND COMPLEXES (12th–19th CENTURIES).....	1100
Suleimenova D. K., Zhumabayeva A. A. THE ULUS OF JOCHI IN THE ERA OF THE BLACK DEATH.....	1117
Teleuova E. T., Sabol S. "BEYOND TERMS AND BEYOND RULES": IMPERIAL AUTHORITIES AND THE MUSLIM CLERGY OF THE STEPPE KRAI DURING THE 1910 CHOLERA EPIDEMIC.....	1128
Tretyakova M. S. THE ECONOMIC ACTIVITY OF ASHKENAZI JEWISH WOMEN IN THE STEPPE REGION AT THE TURN OF THE TWENTIETH CENTURY	1143
Wang Y., Tuleshova U. Zh. RUSSIAN COLONIZATION OF THE KAZAKH STEPPE: RUSSIAN, KAZAKH, WESTERN, AND CHINESE HISTORIOGRAPHICAL PERSPECTIVES ON IMPERIAL EXPANSION AND COLONIAL TRANSFORMATION	1155

ANTHROPOLOGY

Ganiyeva A. S., Shulga V. A., Sakenov S. K. ARCHAEOLOGY OF TRADITIONAL KAZAKH WINTER SETTLEMENTS IN NORTHERN SARYARKA: EVIDENCE FROM THE ZHABAY WINTERING SITE.....	1175
Yergali G., Kalysh A. B. WEDDING RITUALS OF THE KAZAKHS OF CENTRAL KAZAKHSTAN: PRESERVATION OF TRADITIONS AND REGIONAL FEATURES.....	1193
Krasnobayeva N. L., Sarsembayeva G. A., Kassenova A. Zh. FEATURES OF THE POPULATION SETTLEMENT SYSTEM IN EAST KAZAKHSTAN REGION IN THE LATE XIX–XX CENTURIES: AN ETHNODEMOGRAPHIC PERSPECTIVE	1205
Khabibullin E. I., Asylguzhin R. R. ETHNOGENESIS OF THE BASHKIRS OF THE AY-YURYUZAN INTERFLUVE IN THE CONTEXT OF THE GOLDEN HORDE HERITAGE: AN INTERDISCIPLINARY ANALYSIS.....	1227

МАЗМҰНЫ

ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ

Каримов М., Насыров М., Рахметуллин Е. КЕҢЕСТІК ҚҰДАЛАУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ШӘКӘРІМ ҚАЖЫ ӨМІРІ: ЕСТЕЛІКТЕР МЕН ДЕРЕКТЕРДЕ	950
Сабитов Ж., Қаратаев Ә. ӘБУСАИД ЖӘНІБЕКХАН 1430–1450 ЖЫЛДАРЫ: ҚЫТАЙ ДЕРЕК КӨЗДЕРІНДЕГІ ЖАҢА МӘЛІМЕТТЕР	966
Тылахметова А. С., Бейсембаева А. Р., Тепкеев В. Т. ӨБІЛМӘ БЕТХАННЫҢ ӨМІРІ МЕН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІН ЗЕРТТЕУ ДІН ДЕРЕКТІК НЕГІЗІ	980
Шабамбаева А. Г., Абдрахманов Б. Н., Садыкова А. М. А. Ж. МАШАНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ДИСКУРС	995

ТАРИХ

Ахметова Г. М. СОЛТҮСТІК-ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӨПЕСТЕР МЕН САУДА БАЙЛАНЫСТАРЫ	1009
Дюсенова Н. К. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚТЫҢ КЕҢЕСТІК БАСҚАРУШЫ ЭЛИТАСЫ	1027
Қуанбай О. Б., Әпендиев Т. Ә. ЖАПОНИЯНЫҢ ХІХ ҒАСЫРДАҒЫ ОТБАСЫН ТІРКЕУ МЕН ХАЛЫҚТЫ ЕСЕПКЕ АЛУ ЖҮЙЕСІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (МЭЙДЖИ ДӘУІРІ АРХИВТІК ҚҰЖАТТАРЫ НЕГІЗІНДЕ)	1042
Мұсағалиева А. С., Қозыбаева М. М. 1950-ЖЫЛДАРЫ «ҚАЗАҚ КСР ТАРИХЫ» АКАДЕМИЯЛЫҚ БАСЫЛЫМЫН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ТАЛҚЫЛАУ БАРЫСЫНДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫРЛЫҚ ТАРИХЫНА ҚАТЫСТЫ ПІКІРТАЛАСТАР	1060
Нұртазина Н. Д. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СОПЫЛЫҚТЫҢ ҚАЙТА ӨРЛЕУІ: САИД ҚҰРБАНӘЛІ ХАЗІРЕТ ИШАН (АХМЕДОВ) ЖӘНЕ ОНЫҢ МҰРАСЫ	1078
Примкулова Г., Сандыбаева А., Тастанбеков М. ТҮРКІСТАННЫҢ ДІНИ-ҒҰРЫПТЫҚ СӘУЛЕТ ЕСКЕРТКІШТЕРІ: ХІІ–ХІХ ҒҒ. ЖЕРАСТЫ КЕШЕНДЕРІНІҢ ТАРИХИ-СӘУЛЕТТІК ТАЛДАУ	1100
Сүлейменова Д. Қ., Жумабаева Ә. Ә.	1117
Телеуова Э. Т., Сабоп С. «МЕРЗІМНЕН БҰРЫН ЖӘНЕ ЕРЕЖЕДЕН ТЫС»: 1910 ЖЫЛҒЫ ТЫРЫСҚАҚ ІНДЕТІ КЕЗІНДЕГІ ДАЛА ӨЛКЕСІНІҢ ИМПЕРИЯ БИЛГІ МЕН МҰСЫЛМАН ДІНБАСЫЛАРЫ	1128
Третьякова М. С. ХІХ–ХХ ҒАСЫРЛАР ТОҒЫСЫНДАҒЫ ДАЛАЛЫҚ АЙМАҚТАҒЫ АШКЕНАЗИ ЕВРЕЙ ӨЙЕЛДЕРІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІ	1143
Ятин Ван, Тулешова Ұ. Ж. РЕСЕЙДІҢ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫН ОТАРЛАУЫ: ИМПЕРИЯЛЫҚ ЭКСПАНСИЯ МЕН ОТАРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ	1155

АНТРОПОЛОГИЯ

Ганиева А. С., Шульга В. А., Сакенов С. Қ. СОЛТҮСТІК САРЫАРҚАДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚЫСТАУЛАРЫНЫҢ АРХЕОЛОГИЯСЫ: ЖАБАЙ ҚЫСТАУЫ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕГІ ЗЕРТТЕУ	1175
Ерғали Г., Қалыш А. Б. ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ҮЙЛЕНУ ҒҰРЫПТАРЫ: ДӘСТҮРДІҢ САҚТАЛУЫ ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	1193
Краснобаева Н. Л., Сарсембаева Г. А., Касенова А. Ж. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ ХІХ ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – ХХ Ғ. ҚОНЫСТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ: ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АСПЕКТІ	1205
Хабибуллин Э. И., Асылгузин Р. Р. АЛТЫН ОРДА МҰРАСЫ КОНТЕКСТІНДЕГІ АЙ-ЮРЮЗАН ӨЗЕНАРАЛЫҚ БАШҚҰРТТАРЫНЫҢ ЭТНОГЕНЕЗІ: ПӘНАРАЛЫҚ ТАЛДАУ	1227

СОДЕРЖАНИЕ

ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ

Каримов М., Насыров М., Рахметуллин Е. ЖИЗНЬ ШАКАРИМА КАЖЫ В ПЕРИОД СОВЕТСКИХ РЕПРЕССИЙ: В ВОСПОМИНАНИЯХ И ИСТОЧНИКАХ	950
Сабитов Ж., Каратаев А. А. АБУ САИД ЖАНИБЕК-ХАН В 1430–1450-Х ГГ.: НОВЫЕ ДАННЫЕ КИТАЙСКИХ ИСТОЧНИКОВ	966
Тылахметова А. С., Бейсембаева А. Р., Тепкеев В. Т. ИСТОЧНИКОВАЯ БАЗА ИССЛЕДОВАНИЯ ЖИЗНИ И ГОСУДАРСТВЕННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АБИЛМАМБЕТ-ХАНА	980
Шабамбаева А. Г., Абдрахманов Б. Н., Садыкова А. М. ИСТОРИЧЕСКИЙ ДИСКУРС В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ А.Ж. МАШАНОВА	995

ИСТОРИЯ

Ахметова Г. М. КУПЕЧЕСТВО И ТОРГОВЫЕ СВЯЗИ СЕВЕРО-ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА	1009
Дюсенова Н. К. КАЗАХСКАЯ СОВЕТСКАЯ УПРАВЛЕНЧЕСКАЯ ЭЛИТА В ПЕРИОД КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ В КАЗАХСТАНЕ	1027
Куанбай О. Б., Апендиев Т. А. ОСОБЕННОСТИ СИСТЕМЫ СЕМЕЙНОГО УЧЕТА И ПЕРЕПИСИ НАСЕЛЕНИЯ В ЯПОНИИ XIX ВЕКА (НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ ДОКУМЕНТОВ ЭПОХИ МЭЙДЗИ)....	1042
Мусагалиева А. С., Козыбаева М. М. ДИСКУССИИ ПО ДРЕВНЕЙ И СРЕДНЕВЕКОВОЙ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА В ХОДЕ ОБСУЖДЕНИЯ АКАДЕМИЧЕСКОГО ИЗДАНИЯ «ИСТОРИЯ КАЗАХСКОЙ ССР» В 1950-Х ГГ.	1060
Нургазина Н. Д. ВОЗРОЖДЕНИЕ СУФИЗМА В КАЗАХСТАНЕ: САИД КУРБАНАЛИ ХАЗРАТ ИШАН (АХМЕДОВ) И ЕГО НАСЛЕДИЕ.....	1078
Примкулова Г., Сандыбаева А., Тастанбеков М. КУЛЬТОВО-РИТУАЛЬНЫЕ СООРУЖЕНИЯ ТУРКЕСТАНА: ИСТОРИКО-АРХИТЕКТУРНЫЙ АНАЛИЗ ПОДЗЕМНЫХ КОМПЛЕКСОВ XII–XIX ВВ. .	1100
Сулейменова Д. К., Жумабаева А. А. УЛУС ДЖУЧИ В ЭПОХУ «ЧЁРНОЙ СМЕРТИ».....	1117
Телеуова Э. Т., Сабоп С. ««ВНЕ СРОКА И ВНЕ НОРМЫ»: ИМПЕРСКАЯ ВЛАСТЬ И МУСУЛЬМАНСКОЕ ДУХОВЕНСТВО СТЕПНОГО КРАЯ В ПЕРИОД ЭПИДЕМИИ ХОЛЕРЫ 1910 ГОДА	1128
Третьякова М. С. ЭКОНОМИЧЕСКАЯ АКТИВНОСТЬ АШКЕНАЗСКИХ ЕВРЕЕК В СТЕПНОМ КРАЕ НА РУБЕЖЕ XIX–XX ВВ.	1143
Ван Я., Тулешова У. Ж. РОССИЙСКАЯ КОЛОНИЗАЦИЯ КАЗАХСКОЙ СТЕПИ: РОССИЙСКИЕ, КАЗАХСКИЕ, ЗАПАДНЫЕ И КИТАЙСКИЕ ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЕ ПЕРСПЕКТИВЫ ИЗУЧЕНИЯ ИМПЕРСКОЙ ЭКСПАНСИИ И КОЛОНИАЛЬНОЙ ТРАНСФОРМАЦИИ.....	1155

АНТРОПОЛОГИЯ

Ганиева А. С., Шульга В. А., Сакенов С. К. АРХЕОЛОГИЯ ТРАДИЦИОННЫХ КАЗАХСКИХ ЗИМОВОК СЕВЕРНОЙ САРЫАРКИ: МАТЕРИАЛЫ ИССЛЕДОВАНИЯ КЫСТАУ ЖАБАЙ.....	1175
Ергали Г., Калыш А. Б. СВАДЕБНОЙ ОБРЯДЫ КАЗАХОВ ЦЕНТРАЛЬНОГО КАЗАХСТАНА: СОХРАНЕНИЕ ТРАДИЦИЙ И РЕГИОНАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ	1193
Краснобаева Н. Л., Сарсембаева Г. А., Касенова А. Ж. ОСОБЕННОСТИ СИСТЕМЫ РАССЕЛЕНИЯ НАСЕЛЕНИЯ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА В КОНЦЕ XIX–XX ВВ.: ЭТНОДЕМОГРАФИЧЕСКИЙ АСПЕКТ	1205
Хабибуллин Э. И., Асылгузин Р. Р. ЭТНОГЕНЕЗ БАШКИР АЙСКО-ЮРЮЗАНСКОГО МЕЖДУРЕЧЬЯ В КОНТЕКСТЕ ЗОЛОТООРДЫНСКОГО НАСЛЕДИЯ: МЕЖДИСЦИПЛИНАРНЫЙ АНАЛИЗ	1227

ASIAN JOURNAL "STEPPE PANORAMA"

2026. 13(4)

Бас редактор:

Қабылдинов З. Е.

Компьютерде беттеген:

Ағзам Р. Р.

Құрылтайшысы және баспагері:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті

Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

Ш. Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй